Пайдаланушы нұсқаулығы

Бұл — теледидарға орнатылған 「Пайдаланушы нұсқаулығы」.

Осы нұсқаулықтың мақсаты сапаны жақсарту мақсатында алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

❒ Бағдарлама туралы ақпаратты көру үшін

INFO түймесін басыңыз.

Ағымдағы бағдарлама және/немесе ағымдағы уақыт, т.б. туралы ақпаратты көрсетеді.

❒ Таңдаулы бағдарламаларды орнату үшін

SETTINGS ⇨ ОРНАТУ ➞ Сақ. өзгерту

1 Керекті арнаны таңдаңыз.
2 FAV түймесін басып Таңдаулы Топ опциясын таңдаңыз да, OK түймесін басыңыз.

✎ Таңдаулы арналарды қашықтан басқару құралындағы LIST түймесін басу арқылы тексеруге болады.

❒ Таңдаулыны пайдалану үшін

FAV түймесін басыңыз.

Тек таңдаулылар етіп орнатқан арналарды көруге болады.

GUIDE түймесін басыңыз.

[Тек сандық режимде]

Бағдарламалар мен эфир уақыты туралы ақпарат алады. Қажетті бағдарламаның таратылу уақыты мен көру кестесін тексереді.

❒ Бағдарламаны автоматты түрде орнату

SETTINGS ⇨ ОРНАТУ ➔ Автоматты түрде реттеу

Бағдарламаларды автоматты түрде реттейді.

1 Теледидар пайдаланылатын елді таңдаңыз. Бағдарлама параметрлері таңдалған елге байланысты басқаша болуы мүмкін.
2 Автоматты түрде реттеу мүмкіндігін іске қосыңыз.
3 Қажетті кіріс көзін таңдаңыз.
4 Экран нұсқауларын орындау арқылы Автоматты түрде реттеу мүмкіндігін орнатыңыз.

✎ Егер кіріс көзі дұрыс қосылмаса, бағдарламаны тіркеу дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

✎ Автоматты түрде реттеу мүмкіндігі тек ағымдағы таратылып жатқан бағдарламаларды табады.

✎ Егер Құлыптау жүйесі қосулы болса, құпия сөзді сұрайтын қалқымалы терезе пайда болады.

□ Кабельді DTV параметрі опциясы

ТОЛЫҚ параметрін пайдаланып бағдарламаларды іздегенде ұзақ уақыт кетуі мүмкін. Төмендегі мәндер барлық қол жетімді бағдарламаларды жылдам әрі нақты табу үшін қажет. Жиі пайдаланылатын мәндер «әдепкі» ретінде беріледі.

- Жиілік: пайдаланушы анықтайтын жиілікті енгізіңіз.
- Символ қарқыны: пайдаланушы анықтайтын символ қарқынын енгізіңіз (Символ қарқыны: модем секілді құрылғының арнаға символдарды жіберу жылдамдығы).
- Модуляциялау: пайдаланушы анықтайтын модуляцияны енгізіңіз. (Модуляция: дыбыс немесе бейне сигналдарын тасушыға жүктеу).
- Желі коды: әрбір пайдаланушыға бірегей код беріледі.
- Бастау жиілігі: пайдаланушы анықтайтын бастау жиілігінің диапазонын енгізіңіз.
- Аяқтау жиілігі: пайдаланушы анықтайтын аяқтау жиілігі диапазонын енгізіңіз.

Жерсерік параметрі

- Жерсерік: қажетті жерсерікті таңдаңыз.
- LNB жиілігі: [Елге байланысты] 9750/10600, 9750/10750, 9750, 10600,10750, 5150, MDU1, MDU2, MDU3, MDU4, MDU5. ішінен бір мәнді таңдаңыз. Егер 9750/10600, 9750/10750(МГц) мәнін таңдасаңыз, 22 КГц үн ажыратылады. Тізімде LNB жиілігінің мәнін таба алмасаңыз, Пайдаланушы параметрін таңдаңыз да, жиілікті қолмен енгізіңіз.
- Таратқыш: реттеу қажет таратқышты таңдаңыз.
- 22 КГц үн: 22 КГц үн қосқышын пайдаланғанда, A немесе B мәнін таңдаңыз. Егер 22 КГц үн қосқышын пайдалансаңыз, Бір кабель және Мотор түрі ажыратылады.
- LNB қуаты: LNB үшін қуат көзін қосу үшін, Қосу параметрін таңдаңыз. Егер Өшіру параметрін таңдасаңыз, Мотор түрі ажыратылады.

- DiSEqC: DiSEqC мүмкіндігін пайдаланғанда, A~D/ToneA~B ішінен бір параметрді таңдаңыз. Егер DiSEqC мүмкіндігін пайдалансаңыз, Бір кабель және Мотор түрі ажыратылады.
- Бір кабель параметрлері: бір кабель түрін пайдалану үшін Қосу параметрін таңдаңыз және Бір кабель түрін Бір кабель параметрі мәзірінде орнатыңыз. Бір кабель түрі қосылғанда, 22 КГц үн, DiSEqC, Мотор түрі ажыратылады.
- Мотор түрі: Мотор түрін пайдалану үшін Мотор түрі параметрін таңдаңыз және Мотор түрін Мотор параметрі мәзірінде орнатыңыз. Мотор түрі қосылғанда, 22 КГц үн, DiSEqC, Бір кабель түрі ажыратылады.

✎ Егер басқаларға жерсерікті орнатсаңыз, Қолмен реттеу мүмкіндігін пайдаланып таратқышты орнатуыңыз керек.

✎ 22 КГц үн және DiSEqc таңдалғанда, оларды экранда көрсетілгендей бірдей позицияда қосуыңыз керек.

✎ Жерсерікті жойсаңыз, жерсерікте сақталған барлық бағдарламалар жойылады.

□ Мотор параметрі

- DiSEqC 1.2: жерсерік тарелкасының позициясын өзгерту үшін моторды басқарыңыз.
  Қозғалу бағыты: Моторды қозғалту бағытын таңдаңыз.
  Қозғалту режимі: екі режим бар: Сатылы және үздіксіз.
  - Сатылы: Мотор сіз енгізген мәнге сәйкес қозғалады (1 - 128).
  -Үздіксіз: Тоқтау түймесін басқанға мотор үздіксіз қозғалады.
  TP тексеру: реттеу қажет TP тексеруін таңдаңыз.
  Шекті орнату: мотор орнатылған бағыттарда ғана қозғалуы үшін оның қозғалысын батысқа немесе шығысқа орнатыңыз.
  -Қосулы: Батыс/Шығыс параметрін таңдау арқылы қозғалысты ағымдағы бағытқа шектеуге болады.
  - Өшірулі: орнатқан шектеуден бас тартуға болады.

Zero орнына өту: моторды Zero орнына жылжыта аласыз

Сақтау: мотордың ағымдағы бағытын сақтай аласыз.

- USALS: ағымдағы орныңызды таңдаңыз(Бойлық/ендік).

❒ Кабельді DTV параметрі

SETTINGS ⇨ ОРНАТУ ➞ Кабельді DTV параметрі

[Тек Кабель, Кабель және жерсерік режимінде]

Арнаның автоматты жаңартылу мүмкіндігі Қосулы күйінде болғанда, жаңартылуы мүмкін барлық арналар, соның ішінде ағымдағы көрсетіліп жатқан арна ақпаратын жаңартуға болады. Арнаны автоматты жаңарту функциясы өшіп тұрғанда, тек көріп отырған бағдарлама ақпаратын жаңарта аласыз.

- ✎ Пайдаланушы Қызмет операторы мәзірінен таңдай алатын диапазон әрбір ел үшін қолдау көрсетілетін қызмет операторының санына байланысты басқаша болады.
- ✎ Егер әрбір ел үшін қолдау көрсетілетін қызмет операторының саны 1 болса, тиісті функция белсенді емес болады.
- ✎ Қызмет операторы ретінде «Ziggo» орнатылғанда, Кабельдік DTV параметрі тармағын таңдау мүмкін емес.

❒ Жерсерік параметрі

SETTINGS ⇨ ОРНАТУ ➔ Жерсерік параметрі

[Тек Жерсерік, Антенна және жерсерік, Кабель және жерсерік режимінде]

Қажетті жерсерікті қосуға/жоюға/орнатуға болады.

❒ Бағдарламалар тізімін жаңарту

SETTINGS ⇨ ОРНАТУ ➔ Бағдарламалар тізімін жаңарту

Елге негізделген хабар тарату жағдайы мен жерсерік арқылы өзгертілген Бағдарламалар тізімі ақпаратын жаңартады.

Ол теледидар өшкен сайын Бағдарламалар тізімін жаңартады. Жаңартудан кейін Бағдарламалар тізімі өзгеруі мүмкін. Мұны орындау керек болмаса, Өшіру параметрін таңдаңыз.

✎ Австрия, Германия, Польша және Ресей үшін бұл функцияға Қызмет операторы Ешбір мәніне орнатылмағанда қолдау көрсетіледі.

❒ Аймақтық бағдарлама

SETTINGS ⇨ ОРНАТУ ➔ Аймақтық бағдарлама

[Тек Австрия]

[Тек Жерсерік, Антенна және жерсерік, Кабель және жерсерік режимінде]

Аймақтық таратуды орнатыңыз және аймақтық таратуды нақты уақытта қараңыз.

✎ Жерсеріктің қызмет операторын орнату үшін , AKTIV таңдалуы тиіс.

❒ Таратқышты өзгерту

SETTINGS ⇨ ОРНАТУ ➔ Түрлендіргішті өзгерту

[Бағдарлама режимі Жерсерік опциясына орнатылса]

Таратқышты қосуға/өзгертуге/жоюға болады.

✎ Егер ЕЛ параметрі Ресей етіп орнатылса, қашықтан басқару құралындағы Blue(Көк) түймені басып керекті Транспондер параметрін Басты опциясына орнатыңыз.

✎ [Ресейде жерсерік «SO NTV-PLUST» және «Tricolor TV» деп орнатылады]

❒ Қолмен реттеу мүмкіндігін пайдалану үшін

SETTINGS ⇨ ОРНАТУ ➔ Қолмен реттеу

Бағдарламаларды қолмен реттеп, нәтижелерді сақтайды.

Сандық тарату үшін сигнал күші мен сигнал сапасы тексерілуі мүмкін.

Аналогтық тарату үшін станция атауларын орнатуға және нақты дәлдеуді пайдалануға болады (Жерсерік режимінен басқа). Әдетте нақты күйге келтіру сигнал қабылдау сапасы нашар болғанда ғана қажет.

✎ Сондай-ақ, Жиілік(KHz) және bandwidth(жиілік жолағы) параметрлерін реттеуге болады.

❒ Бағдарламаларды өңдеу үшін

SETTINGS ⇨ ОРНАТУ ➔ Бағдарламаны өңдеу

Сақталған бағдарламаларды өңдейді.

Таңдаулы бағдарлама ретінде орнату, бағдарламаны құрсаулау/ашу, таңдалған бағдарламаның бағдарламасын, т.б. өткізу.

SETTINGS ⇨ ОРНАТУ → Бағдарлама тәртібі

[Үлгіге байланысты]

Бұл функция Антенна, Кабель, Жерсерік немесе CAM Mode (Шартты қолдану модулі режимі) режимінде дәлденген бағдарламаны көруге мүмкіндік береді.

- ✎ Бағдарламаларды тек таңдалған режимде көруге болады.
- ✎ Шартты қолдану модулі мәзірін тек CAM Mode (Шартты қолдану модулі режимі) қосылғанда пайдалануға болады. Шартты қолдану модулінің түріне қарай мәзірдің аты әртүрлі болуы мүмкін.

TEXT түймесін басыңыз.

[елге байланысты]

Телемәтін — телебағдарламалар, жаңалықтар мен ауа райы туралы мәтіндік ақпарат ұсынатын телестансадан берілетін тегін қызмет.

Бұл теледидардың телемәтіндік декодері SIMPLE, TOP ЖӘНЕ FASTEXT жүйелеріне қолдау көрсетеді.

- Түрлі түсті түйме: Алдыңғы немесе келесі бетті таңдау үшін.
- Сандық түйме: Қажетті бет нөмірін енгізеді
- P : Алдыңғы немесе келесі бетті таңдау үшін.

❒ Арнайы телемәтін функциясы

T. OPT түймесін басыңыз.

Мәтін опциясы мәзірін таңдаңыз.

- Индекс : Әр индекстік бетті таңдаңыз.
- Уақыт : Телебағдарламаны көргенде, уақытты экранның жоғарғы оң жағынан көрсету үшін осы мәзірді таңдаңыз.
- Ұстау : Телемәтін беті 2 не одан көп ішкі беттен тұрғанда орын алатын автоматты бет өзгерісін тоқтатады.

- Көрсету : Жұмбақтардың немесе бас қатырғыштардың шешімдері сияқты жасырын ақпаратты көрсету үшін осы мәзірді таңдаңыз.
- Жаңарту : Жаңа телемәтін бетін күтіп отырғанда теледидар кескінін экраннан көрсетеді.
- Тіл [Сандық режимде ғана] : Телемәтін тілін орнатады.

TEXT түймесін басыңыз.

[Тек Ұлыбританияда/Ирландияда]

Теледидар ескі баламалы телемәтінге қарағанда жақсырақ мәтін, графиктер және т.б. беретін сандық телемәтінді ұсынады. Бұл сандық телемәтін сандық телемәтінді тарататын арнайы сандық телемәтін қызметтері мен нақты қызметтерге кіре алады.

Сандық қызмет ішіндегі телемәтін

1 Сандық телемәтін тарататын белгілі бір қызметті таңдау үшін сандық немесе P түймесін басыңыз.
2 Сандық телемәтіндегі көрсеткіштерді орындап, TEXT, OK, навигация, қызыл, жасыл, сары, көк немесе САНДЫҚ түймелерді және т.б. басып келесі қадамға өтіңіз.
3 Басқа сандық телемәтін қызметін пайдалану үшін сандық немесе P түймесін басыңыз.

Сандық қызметтегі телемәтін

1. Сандық телемәтін тарататын белгілі бір қызметті таңдау үшін сандық немесе P түймесін басыңыз.
2. Телемәтінді қосу үшін TEXT немесе түрлі түсті түймені басыңыз.
3. Сандық телемәтіндегі көрсеткіштерді орындап, OK, навигация, қызыл, жасыл, сары, көк немесе САНДЫҚ түймелерді және т.б. басып келесі қадамға өтіңіз.
4. Сандық телемәтінді өшіру және теледидар көруге оралу үшін TEXT немесе түрлі түсті түймені басыңыз.

SETTINGS ⇨ ОПЦИЯ ➞ Data Service

[Елге байланысты]

Бұл функция пайдаланушыларға екеуі де бір уақытта болған жағдайда MHEG (сандық телемәтін) және телемәтін арасынан таңдауға мүмкіндік береді.

Егер олардың біреуі ғана болса, не MHEG, не телемәтін таңдалған опцияға қарамастан қосылады.

SETTINGS ⇨ ОРНАТУ ➞ CI ақпараты

- Бұл функция кейбір шифрланған қызметтерді (ақылы қызметтер) көруге мүмкіндік береді.
- Егер CI модулін алып тастасаңыз, ақылы қызметтерді көре алмайсыз.
- CI (жалпы интерфейс) функциялары хабар тарататын елге байланысты мүмкін болмауы ықтимал.
- Модуль CI слотына салынғанда, модуль мәзіріне кіруге болады.
- Модуль мен смарт картаны сатып алу үшін делдалыңызға хабарласыңыз.

- CI модулі салынғаннан кейін теледидар қосылғанда, дыбыс шықпауы мүмкін. Ол CI модулі мен смарт картасымен үйлеспеуі мүмкін.
- CAM (шартты кіру модулі) пайдаланылғанда, оның DVB-CI немесе CI плюс талаптарына толығымен сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Қалыпсыз CAM (шартты кіру модулі) процесінен сурет нашар болуы мүмкін.
- [Үлгіге байланысты] CI+ CAM қосылғанда теледидарда ешбір бейне немесе аудио көрсетілмесе, Жер/Кабель/Жерсерік қызмет операторымен хабарласыңыз.

SETTINGS ⇨ СУРЕТ ➞ Пропорция

Экранның пропорциясын таңдайды.

- 16:9 : кескіндерді экран еніне лайықтайды.
- Ұлғайту : Бейне суреттерді бастапқы өлшемінде сурет жиегінің бөліктерін жоймастан көрсетеді.
  - ✎ DTV, компонент, HDMI және DVI (720p мәнінен жоғары) режимінде Ұлғайту параметрі қол жетімді.
- Бастапқы : кең экранды сигналды қабылдағанда, теледидар таратылатын сурет пішіміне автоматты түрде ауысады.

- Толық кеңейту : теледидар кең экранды сигналды қабылдағанда, экранға толығымен шақтау үшін, сызықтық пропорцияда суретті көлденеңінен немесе тігінен реттеуге мүмкіндік береді. Кадр пішімі 4:3 және 14:9 бейнелер DTV кірісі арқылы келетін бейне бұрмалауларынсыз экранға толық көрсетіледі.
  ✎ Аналогтық/DTV/AV/Scart режимінде Толық кеңейту экраны бар.
- 4:3 : Суреттердің өлшемін алдыңғы 4:3 стандартына өзгертеді.
- 14:9 : 14:9 сурет пішімін немесе 14:9 режиміндегі жалпы теледидар бағдарламасын көруге болады. 14:9 экраны 4:3 экраны сияқты көрінеді, бірақ жоғары және төмен жылжиды.
- Ұлғайту : Кескіндердің өлшемін экран еніне сай болатындай өзгертеді. Кескіндердің жоғарғы және төменгі бөліктері кесілуі мүмкін.

- Фильм ұлғайту: суретті дұрыс пропорцияда үлкейту керек болғанда, фильм ұлғайтуды таңдаңыз.

✎ Сыртқы құрылғыдан қарап жатқанда, мына жағдайлар кескін ізінің қалып қоюына себеп болуы мүмкін:

- тұрақты тақырыбы бар (мысалы желі атауы) бейне
- ұзақ уақыт бойы 4 : 3 кадр пішімінде көру

Бұл функцияларды пайдаланғанда сақ болыңыз.

✎ Кіріс сигналына қарай, бар сурет режимдері басқаша болуы мүмкін.

✎ HDMI-PC немесе RGB-PC кірісінде экранның кадр пішімі тек 4:3 және 16:9 мәнінде қол жетімді. (Тек компьютер қосылымын қолдайтын үлгілер үшін)

[Үлгіге байланысты]

AV MODE түймесін басыңыз.

Әр түрлі AV режимдеріне ең жақсы СУРЕТ / ДЫБЫС мәндерін оңтайландырып қояды.

- Сөндіру: СУРЕТ / ДЫБЫС мәзірінде қойылған мәнмен жұмыс істейді.
- Кинотеатр: Сурет пен дыбыс параметрлерін фильмдерге оңтайландырады.
- Ойын: Сурет пен дыбыс параметрлерін ойынға оңтайландырады.

❒ Сурет шеберімен суретті дұрыстау үшін

SETTINGS ⇨ СУРЕТ ➞ Сурет шебері II

Қашықтан басқару құралы және сурет шебері арқылы қымбат құрылғыларсыз немесе маманның көмегінсіз оңтайлы сурет сапасын калибрлеп дұрыстайды.

Оңтайлы сурет сапасына қол жеткізу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

❒ Сурет режимін таңдау үшін

SETTINGS ⇨ СУРЕТ ➞ Сурет режимі

Көру ортасына немесе бағдарламаға оңтайлы сурет режимін таңдайды.

- Eco: Қуат үнемдегіш мүмкіндігі теледидардағы параметрлерді қуат тұтынылуын азайтатын етіп өзгертеді.
- isf ccc Сарапшы: Сарапшылар мен көрермендерге теледидарды жақсылап көруге мүмкіндік беретін сурет сапасын дұрыстауға арналған мәзір. Бұл дұрыстаушы мәзір ISF бойынша сертификатталған кескін баптайтын мамандарға берілген. (ISF логотипін тек ISF бойынша сертификатталған теледидарларда көрсетуге болады.)
  ISFccc: Imaging Science Foundation Certified Calibration Control (Кескін ғылымымен сертификатталған калибрлеуді бақылау)

- Кіріс сигналына байланысты қол жетімді сурет режимдері өзгеруі мүмкін.
- isf Сарапшы режимі белгілі бір кескін арқылы басқаратын және дәл баптайтын кескін баптаушы мамандарға арналған. Қалыпты кескіндер үшін әсерлер үлкен болмауы мүмкін

❒ Сурет режимін дәл баптау үшін

SETTINGS ⇨ СУРЕТ ➞ Сурет режимі ➞ Артқы жарық / Контраст / Жарықтық / Айқындылық / Түсі / Реңкі / Түс темп-ы

Қажетті Сурет режимі таңдаңыз.

- Артқы жарық: СКД панелінің ашықтығын өзгерту арқылы дисплейдің ашықтығын дұрыстайды.

✎ Кіріс сигналына немесе басқа сурет параметрлеріне байланысты дұрыстауға арналған толық элементтердің қатары өзгеруі мүмкін.

❒ Қосымша басқаруды орнату үшін

SETTINGS ⇨ СУРЕТ → Сурет режимі → Қосымша басқару / Сарапшы басқару

Әр сурет режимі үшін экранды калибрлейді; немесе арнайы экран үшін сурет параметрлерін дұрыстайды. Қажетті сурет режимін таңдаңыз.

- Серпінді контраст: Кескіннің ашықтығына сәйкес контрасты оңтайлы деңгейге дұрыстайды.
- Серпінді түс: Кескінді табиғи түстермен шығару үшін түстерді дұрыстайды.

- Тері түсі: Пайдаланушы анықтағандай тері түсті ендіру үшін тері түс қатарын орнатады.
- Көк түс: аспанның түсі бөлек орнатылады.
- Жасыл түс: табиғи түстер спектрін (көгалдар, белестер, т.б.) бөлек орнатуға болады.
- Гамма: Кіріс сигналына қатысты сурет сигналының шығысына қарай дәрежелі доғаны орнатады.

- Түс шекарасы: Білінетін түстер ауқымын таңдайды.
- Жиектерін бөлектеу: Бейненің анық әрі айқын табиғи жиектерін көрсетеді.
- Сарапшы үлгісі: Сарапшылық дұрыстауға пайдаланылатын үлгілер
- Түс сүзгісі: Түс қанықтығы мен реңкін ұқыптылықпен дәл баптау үшін RGB түстеріндегі белгілі бір түс қатарын сүзеді.

- Түс темп-ы: Жалпы экран түсін қажетінше дұрыстайды. Сарапшы режимінде толық дәл баптауды гаммалық әдіс, т.б. арқылы орнатуға болады.
- Түсті басқару жүйесі.: Сарапшылар түсті сынақ үлгісімен дұрыстағанда, олар осы жүйені пайдаланады. Олар басқа түстердің ықпалынсыз алты түс аумағынан (Қызыл / Жасыл / Көк / Көгілдір / Қызғылт / Сары) таңдай алады. Қалыпты кескіндер үшін дұрыстаудың нәтижесінде түс өзгерістері білінбеуі мүмкін.

✎ Кіріс сигналына немесе басқа сурет параметрлеріне байланысты дұрыстауға арналған толық элементтердің қатары өзгеруі мүмкін.

❒ Қосымша сурет параметрлерін орнату

SETTINGS ⇨ СУРЕТ ➞ Сурет режимі ➞ Сурет параметрі

Кескіндер үшін егжей-тегжейлі параметрлерді реттейді.

- Шуды азайту: Суреттегі шуылды кетіреді.
- MPEG шуын төмендету: Сандық сурет сигналдары жасалғанда пайда болған шуылды кетіреді.
- Қара деңгей: Экранның қаралығын (қара түс деңгейін) пайдаланып, кіріс суретіндегі қара түс деңгейіне сәйкестендіру үшін экранның ашықтығы мен контрастын дұрыстайды.

- Нақты фильм: Экранды оңтайлы жағдайда ұстауға көмектеседі.
- Қозғалыс кезінде көзді күту: [Үлгіге байланысты] Жарықтықты экрандағы сурет қозғалысына сай реттеу арқылы қуатты тұтынуды үнемдейді.

✎ Кіріс сигналына немесе басқа сурет параметрлеріне байланысты дұрыстауға арналған толық элементтердің қатары өзгеруі мүмкін.

❒ Сурет параметрлерін қалпына келтіру үшін

SETTINGS ⇨ СУРЕТ → Сурет режимі → Суретті ысыру

Пайдаланушы реттеген сурет параметрлерін қалпына келтіреді.

Әр сурет режимінің мәндері қалпына келеді. Қалпына келтіргіңіз келетін сурет режимін таңдаңыз.

SETTINGS ⇨ СУРЕТ ➞ Энергияны үнемдеу

Экранның жарықтығын реттеу арқылы электр қуатын үнемдеңіз.

- Сөндіру : Энергияны үнемдеу функциясын өшіреді.
- Ең аз/Орташа/Ең көп : Алдын ала орнатылған энергияны үнемдеу параметрлерін қолданады.
- Бейне дыбысын өшіру : Экран өшіріледі де, тек дыбыс шығарылады. Экранды қайтадан қосу үшін қашықтан басқару құралындағы «Қуат» түймесінен басқа кез келген түймені басыңыз.

[Үлгіге байланысты]

SETTINGS ⇨ СУРЕТ → Экр. жерг. көмес-і

Қуаттың тұтынылуын азайта отырып, контрастты барынша арттыру және бұлдырауды барынша азайту үшін ашық түсті аймақтарды жарықтандырып, қараңғы аймақтарды күңгірттейді.

❒ Дыбыс режимін пайдалану

SETTINGS ⇨ ДЫБЫС → Дыбыс режимі

Теледидар дыбысын таңдалған дыбыс режиміне сәйкес оңтайлы деңгейге келтіреді.

- Стандартты : Барлық бейне түрлері үшін ыңғайлы
- Саз / Кинотеатр / Спорт / Ойын : Арнайы жанр үшін оңтайландырылған дыбысты орнатады.

❒ Пайдаланушы параметрі функциясын реттеуге арналған

SETTINGS ⇨ ДЫБЫС → Дыбыс режимі → Пайдаланушы параметрі

Пайдаланушылық эквалайзер режимін пайдаланып дыбыс деңгейін таңдауға сай реттейді.

- Түсіру: Пайдаланушы өзгерткен дауыс параметрлерін бастапқы қалпына келтіреді.

❒ Теледидар динамигін пайдалану

SETTINGS ⇨ ДЫБЫС ➞ Дыбыс шығысы ➞ ТД үндеткіші

Дыбыс теледидар динамигі арқылы шығады.

❒ Сыртқы динамикті пайдалану

SETTINGS ⇨ ДЫБЫС ➞ Дыбыс шығысы ➞ Сыртқы динамик (оптикалық)

[Тек оптикалық порты бар үлгілерде болады.]

Дыбыс оптикалық портқа жалғанған динамик арқылы шығады.

✎ SimpLink функциясына қолдау бар.

□ Сандық дыбыс шығысын пайдалану

SETTINGS ⇨ ДЫБЫС ➔ Дыбыс шығысы ➔ Сыртқы динамик (оптикалық) ➔ Сандық дыбыс шығысы

(Үлгіге байланысты)

Сандық дыбыс шығысын орнатады.

Элемент	Дыбыс кірісі	Сандық дыбыс шығысы
Auto	MPEG	PCM
	Dolby Digital	Dolby Digital
	Dolby Digital Plus	Dolby Digital
	HE-AAC	Dolby Digital
PCM	All	PCM

❒ LG дыбыстық құрылғысын жалғау және пайдалану

SETTINGS ⇨ ДЫБЫС ➞ Дыбыс шығысы ➞ LG Дыбысты синхрондау (оптикалық)

[Тек оптикалық порты бар үлгілерде болады.]

Sound Sync логотипі бар LG дыбыстық құрылғысын оптикалық сандық шығыс портына жалғаңыз.

LG дыбыстық құрылғысы қуатты дыбысты оңай пайдалануға мүмкіндік береді.

❒ Құлақаспапты пайдалану

SETTINGS ⇨ ДЫБЫС ➞ Дыбыс шығысы ➞ Құлаққап

[Тек құлақаспап порты бар үлгілерде қол жетімді]

Дыбыс құлақаспап портына жалғанған құлақаспап арқылы шығады.

✎ Егер ТД қосулы кезде гарнитураларды қоссаңыз, ол гарнитураларды автоматты түрде анықтайды және олардан дыбыс шығарады.

❒ virtual surround дыбысын пайдалану

SETTINGS ⇨ ДЫБЫС → Virtual Surround

LG компаниясының жеке меншік дыбысты өңдеу технологиясы екі динамик арқылы 5.1 арна әсерін жасайтын көлемді дыбыс шығаруға мүмкіндік береді.

✎ Егер Таза дауыс II параметрі Қосу мәніне орнатылған болса, Virtual Surround режимі таңдалмайды.

❒ Таза дауыс II функциясын реттеу үшін

SETTINGS ⇨ ДЫБЫС → Таза дауыс II

Теледидардың дыбыс тазалығын күшейтеді.

❒ Авто дыбыс қаттылығын орнату үшін

SETTINGS ⇨ ДЫБЫС → Авто дыбыс қаттылығы

Авто дыбыс қаттылығы мәніне Қосулы қойылады. Дыбыстың шығуын арнадан-арнаға ауыстыру басқа арналарды таңдаған кезде теледидарды қолайлы көру үшін автоматты түрде дұрысталады.

❒ Дыбыс пен бейнені қадамдастыру

SETTINGS ⇨ ДЫБЫС → AV синх. Реттеу

Сәйкес келмеген жағдайда, бейне мен дыбысты тікелей қадамдастырады.

Егер AV синх. Реттеу параметрі Қосу мәніне орнатылған болса, дыбыс шығысын (теледидар динамиктерінің немесе SPDIF дыбысын) экрандағы кескінмен лайықтау мүмкін болмайды.

❒ Дыбыс балансын реттеу үшін

SETTINGS ⇨ ДЫБЫС ➞ Баланс

Сол жақ/оң жақ дыбыс балансын дұрыстайды.

❒ Sound Optimizer функциясын пайдалану

SETTINGS ⇨ ДЫБЫС ➞ Sound Optimizer

Өзгертілетін теледидар параметрлерінің орнатуы үшін оңтайландырылған дыбысты береді.

[Үлгіге байланысты]

- Қалыпты тәртіп : Жалпы дыбыс режимі.
- ТД-дың Қабырғалық бекіту түрі : Дыбысты қабырғаға бекітілген теледидар үшін оңтайландырады.
- Тіреуіш түрі : Дыбысты тіреуішке орнатылған теледидар үшін оңтайландырады.

❒ DTV дыбысын орнату

SETTINGS ⇨ ДЫБЫС ➞ DTV Аудио орнату

[Үлгіге байланысты]

Кіріс сигналы әр түрлі дыбыс түрлерін қамтыса, бұл функция керекті дыбыс түрін таңдауға мүмкіндік береді.

Егер АВТО параметріне орнатылған болса, іздеу реті «HE-AAC → Dolby Digital+ → Dolby Digital → MPEG» болады, шығыс сигналы табылған бірінші дыбыс пішімінде беріледі.

✎ Тек Италияда/Латвияда/Литвада іздеу реті HE-AAC → Dolby Digital+ → MPEG → Dolby Digital.

✎ Таңдалған дыбыс пішіміне қолдау болмаса, шығыс сигналы үшін басқа дыбыс пішімі пайдаланылуы мүмкін.

❒ Сыртқы кіріс сигналын таңдау

INPUT түймесін басыңыз.

Сыртқы кіріс сигналын таңдайды.

✎ Құрылғы атын өзгерту: сыртқы кіріс портына жалғанған сыртқы құрылғы атауын өзгертуге болады.

❒ SIMPLINK мүмкіндігін пайдалану

SIMPLINK — тек қана теледидардың қашықтан басқару құралын пайдаланып SIMPLINK мәзірі арқылы түрлі мультимедиа құрылғыларын ыңғайлы қадағалауға және басқаруға мүмкіндік беретін функция.

1 HDMI кабелін теледидардың HDMI IN ұясына, ал екінші ұшын SIMPLINK құрылғысының HDMI шығыс ұясына жалғаңыз.

- [Үлгіге байланысты] SIMPLINK функциясы бар үй кинотеатрларында HDMI ұяларын өзара жоғарыда айтылғандай жалғаңыз және теледидардың оптикалық сандық дыбыс шығысын SIMPLINK құрылғысының оптикалық сандық дыбыс кірісіне жалғау үшін оптикалық кабель пайдаланыңыз.

2 Мәзір INPUT ⇨ SimpLink тармағын таңдаңыз. SIMPLINK мәзірінің терезесі ашылады.

3 SIMPLINK Параметрлер терезесінде, SIMPLINK функциясын Қосу параметріне орнатыңыз.

4 SIMPLINK мәзірінің терезесінде басқару керек құрылғы таңдалады.

- Бұл функция тек SIMPLINK логотипі бар құрылғыларда жұмыс істейді. Сыртқы құрылғының SIMPLINK логотипі бар екенін тексеріңіз.
- SIMPLINK пайдалану мүмкін болуы үшін, жоғары жылдамдықты HDMI® кабелі қажет (CEC (Тұтынушы электроникасын басқару) мүмкіндігі қосылған). Жоғары жылдамдықты HDMI® кабельдерінің № 13 істікшесі құрылғылар арасындағы ақпарат ауысуы үшін қосулы болады.
- Кіріс сигналының басқа түріне ауысқанда, SIMPLINK құрылғысының жұмысы тоқтайды.
- HDMI-CEC функциясы бар үшінші тарап құрылғысы да пайдаланылса, SIMPLINK құрылғысы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- [Үлгіге байланысты] Мультимедиа файлдары үй кинотеатры функциясы бар құрылғыдан таңдалса немесе ойнатылса, HT динамигі функциясы автоматты түрде қосылады. HT динамигі функциясын пайдалану үшін, оптикалық кабельді пайдалану керек (бөлек сатылады).

□ SIMPLINK функциясының сипаттамасы

- Тікелей ойнату : Мультимедиа құрылғысын осы теледидарда бірден ойнатады.
- Мультимедиа құрылғысын таңдау : Теледидар экранынан бірден басқару үшін, SIMPLINK мәзірі арқылы қажетті құрылғыны таңдайды.
- Диск ойнату : Теледидардың қашықтан басқару құралы арқылы мультимедиа құрылғысын басқарады.
- Барлық құрылғыларды өшіру : Теледидарды қуаттан ажыратқанда барлық жалғанған құрылғылар да өшеді.
- Қуатты бірге қосу : HDMI терминалына қосылған SIMPLINK функциясы бар жабдық ойнатыла бастағанда, теледидар автоматты түрде қосылады.
- Динамик : [Үлгіге байланысты] Үй кинотеатры бөлігінен немесе теледидардан динамикті таңдаңыз.

❒ Автоматты сөндіру таймерін пайдалану

SETTINGS ⇨ УАҚЫТ ➞ Автосөндіру таймері

Орнатылған минуттар санынан кейін теледидарды өшіреді.

Автосөндіру таймері параметрін өшіру үшін, Сөндіру пәрменін таңдаңыз.

❒ Ағымдағы уақытты орнату

SETTINGS ⇨ УАҚЫТ ➔ Сағат

Теледидар көру барысында сағатты тексереді немесе өзгертеді.

- Авто : Теледидардың сағатын ТВ станциясы жіберетін сандық уақыт ақпаратымен қадамдастырады.
- Қолмен : Автоматты орнату ағымдағы уақытқа сәйкес келмесе, уақыт пен күнді қолмен орнатады.

❒ Теледидарды автоматты қосылатын немесе өшетін етіп реттеу

SETTINGS ⇨ УАҚЫТ ➞ Қосу уақыты / Сөндіру уақыты

Қосылу немесе өшу уақытын орнатады.

Қайталау параметріндегі Сөндіру күйін таңдап Қосу уақыты / Сөндіру уақыты мүмкіндігін ажыратыңыз.

- ✎ Қосу уақыты / Сөндіру уақыты мүмкіндігін пайдалану үшін, ағымдағы уақытты дұрыс орнатыңыз.
- ✎ Қосу уақыты функциясы қосулы болғанда да, теледидар 120 минут ішінде ешбір түйме басылмаса автоматты өшетін болады.

❒ Авто күту режимін орнату

SETTINGS ⇨ УАҚЫТ ➔ Авто күту режимі

(Үлгіге байланысты)

Теледидарда немесе қашықтан басқару құралында белгілі бір уақыт ішінде ешбір түйме басылмаса, теледидар автоматты түрде күту режиміне ауысады.

✎ Бұл функция дүкен көрсетілімі режимінде немесе бағдарламалық құрал жаңартылып жатқанда жұмыс істемейді.

❒ Құпиясөз орнату үшін

SETTINGS ⇨ БҰҒАТТАУ → Құпия сөз орнату

Теледидардың құпиясөзін орнатады немесе өзгертеді.

✎ Бастапқы құпия сөз ⌜0000⌟ мәніне қойылған.
Франция ел мәніне таңдалғанда, құпиясөз ⌜0000⌟ емес, ⌜1234⌟ болады.
Франция ел мәніне таңдалғанда, құпиясөзге ⌜0000⌟ қоюға болмайды.

❒ Құпиясөзді құлыптау үшін

SETTINGS ⇨ БҰҒАТТАУ → Бұғаттау жүйесі

Таңдалған арнаны немесе сыртқы кірісті құлыптайды.

Алдымен Бұғаттау жүйесіне Қосу мәнін қойыңыз.

- Бағдарламаны бұғаттау : Балаларға арналмаған мазмұны бар бағдарламаларды бұғаттайды. Бағдарламаларды таңдауға болады, бірақ экран бос, дыбыс өшірулі болады. Құлыптаулы бағдарламаны көру үшін құпиясөзді енгізіңіз.

- Әке-шешелік бақылау : Бұл функция хабар таратушы стансадан алынған ақпаратқа сәйкес қолданылады. Сондықтан сигналда қате ақпарат болса, бұл функция істемейді. Дәрежелік шектеуге сәйкес балаларға белгілі бір ересектерге арналған телебағдарламаларды көруге жол бермейді. Бұғатталған бағдарламаны көру үшін құпиясөзді енгізіңіз. Дәрежелер ел бойынша өзгереді.
- Бұғат Енгізу : Кіріс көздерін бұғаттаңыз.

❒ Пернелерді құлыптауды пайдалану үшін

SETTINGS ⇨ БҰҒАТТАУ ➞ Батырмаларды бұғаттау

Теледидардағы басқару түймелерін құлыптайды.

- ✎ Электр қуаты болмағанда немесе электр шнуры ток көзінен алынғанда, пернелерді құлыптау функциясы өзгеріссіз қалады.
- ✎ Пернелерді құлыптау функциясын теледидардағы түймемен емес, тек қашықтан басқару құралымен қоюға болады.
- ✎ Егер "ҚОСУ" таңдалса, теледидар күту режимінде тұрғанда, теледидарды қуат, арна және теледидар / кіріс түймелерімен қосуға болады.

SETTINGS ⇨ ПАРАМЕТР ➞ Тіл(Language)

Экранда көрсетілетін мәзір мен сандық дыбыс тарату тілін таңдауға болады.

- Мәзір тілі (Language) : Экрандағы мәтін тілін таңдайды.
- Аудио Тілі [Тек сандық режимде] : Бірнеше дыбысты тілі бар сандық таратудағы арнаны тамашалағанда керекті тілді таңдайды.
- Субтитр тілі [Тек сандық режимде] : Екі немесе одан көп субтитр тілі берілгенде, Субтитр функциясын пайдаланыңыз.

  ✎ Субтитр деректері таңдалған тілде таратылмаса, әдепкі субтитр тілі көрсетіледі.

- Мәтін тілі [Тек сандық режимде] : Екі немесе одан көп мәтін тілі таратылғанда, мәтін тілі функциясын пайдаланыңыз.
  - ✎ Егер телемәтін деректері таңдалған тілде таратылмаса, әдепкі телемәтін тілі көрсетіледі.
  - ✎ Егер қате елді таңдасаңыз, телемәтін экранға дұрыс шығарылмай, телемәтін көрсету операциясы барысында кейбір қиындықтар туындауы мүмкін.

SETTINGS ⇨ ПАРАМЕТР → Ел

[Елге байланысты]

Теледидар пайдаланатын елді орнатады.

Теледидар параметрлері таңдалған елдің тарату ортасына сай өзгертіледі.

- ✎ Егер ел параметрі өзгертілсе, өздігінен баптау ақпараттық экраны пайда болуы мүмкін.
- ✎ Сандық таратуды реттеу жолға қойылмаған елде кейбір сандық теледидар функциялары сандық тарату жағдайларына байланысты жұмыс істемеуі мүмкін.
- ✎ Ел параметрі «--» етіп орнатылса, Европа құрлықтық сандық стандартты хабар тарату бағдарламаларын көруге болады, бірақ кейбір сандық теледидар функциялары тиісті түрде жұмыс істемеуі мүмкін.

SETTINGS ⇨ ПАРАМЕТР ➞ Көмекшіні ажырату

Аудио түсініктеме немесе субтитрлер есту немесе көру қабілеті нашар адамдарға беріледі.

- Есту қабілеті шектеулі : Есту қабілеті нашар адамдар үшін осы функция. Егер ол қосуға қойылса, субтитр әдепкі мәні бойынша көрсетіледі.
- Дыбыс Сипаттамасы : Бұл функция соқыр адамдарға арналған және негізгі дыбыстан басқа телебағдарламада ағымдағы жағдайға түсініктірмелі дыбыстық сипаттама береді. Дыбыс Сипаттамасы үшін Қосу таңдалғанда, негізгі дыбыс пен дыбыстық сипаттама дыбыстық сипаттама қамтылған бағдарламаларға ғана беріледі.

❒ Электр қуаты индикаторын орнату

SETTINGS ⇨ ПАРАМЕТР ➞ Қосымша жарық

Теледидардың алдыңғы панеліндегі күту режимі шамын қосады/өшіреді.

❒ Зауыттық параметрлерді қалпына келтіруді көрсету

SETTINGS ⇨ ПАРАМЕТР ➞ Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру

Барлық сақталған ақпарат жойылады және теледидар параметрлері бастапқы қалпына келтіріледі.

Теледидар өздігінен өшіп, қайта қосылады да, барлық параметрлері бастапқы қалпына келеді.

✎ Егер Бұғаттау жүйесі қосылған болса, қалқымалы терезе көрсетіліп, құпия сөзді енгізу сұралады.

✎ Параметрлерді орнату кезінде қуатты өшірмеңіз.

❒ Теледидар режимін өзгерту

SETTINGS ⇨ ПАРАМЕТР ➞ Режим орнату

Мына екі режимінің бірін таңдайды: Үйде қолдану немесе Дүкен көрмесі.

Үйде пайдалану үшін Үйде қолдану режимін таңдаңыз.

Дүкен көрмесі режимі тек сақтау дисплейіне арналған.

(Үлгіге байланысты)

❒ Желіге қосылу үшін

1 SETTINGS ⇨ ЖЕЛІ ➞ Желі параметрі тармағын таңдаңыз.
2 IP режимін IP мекенжайын автоматты түрде орнату немесе IP мекенжайын қолмен орнату мәніне орнатыңыз.
- IP мекенжайын автоматты түрде орнату: бұл режимді Интернет қызметі кең жолақты жиілікте болса таңдаңыз.
- IP мекенжайын қолмен орнату: бұл режимді Интернетті кеңседе (мысалы, бекітілген IP) пайдаланғанда таңдаңыз.

3 Егер IP мекенжайын қолмен орнату режимін таңдасаңыз, IP мекенжайын теріңіз.
4 Желіге қосылу үшін, OK пернесін басыңыз.

❒ Желіні орнату - ескерту

- ✎ Стандартты жергілікті желі кабелін (Cat5 немесе одан жоғары RJ45 қосқышымен, 10 Base-T немесе 100 Base TX Жергілікті желі порты) пайдаланыңыз.
- ✎ Модемді қайта орнату желі қосылымының проблемаларын тудыруы мүмкін. Проблеманы шешу үшін, қуатты өшіріп, ажыратыңыз және қайта қосыңыз, одан кейін қуатты қайтадан қосыңыз.
- ✎ LG Electronics компаниясы ешқандай Интернет қосылымының проблемаларына немесе қателеріне, дұрыс жұмыс істемеуге және Интернет қосылымынан туындаған қателерге жауапты емес.
- ✎ Желі қосылымы Интернет қызметінің провайдеріне байланысты дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

- DSL қызметі үшін DSL модемі қажет; кабель қызметі үшін кабель модемі қажет. Тек шектеулі Интернет қосылымдарының саны қол жетімді болуы мүмкін және теледидар желісінің параметрі Интернет қызметінің провайдерімен (ISP) келісімшартқа байланысты қол жетімді болмауы мүмкін. (Бір желіге тек бір сым рұқсат етілсе және компьютер қосылып қойса, басқа құрылғыларды пайдалану мүмкін емес.)
- Толық жергілікті үй желісін өшірмесеңіз, желі трафигі кейбір құрылғыларда орын алуы мүмкін.
- Желі құрылғыларындағы жарамсыз параметрлер теледидардың жай жұмыс істеуіне немесе дұрыс жұмыс істемеуіне себеп болуы мүмкін. Құрылғыларды тиісті нұсқаулыққа сай дұрыстап орнатыңыз және желіні орнатыңыз.

USB құрылғысында сақталған мазмұнды (сыртқы HDD, USB жад картасы) тікелей теледидардан оңай әрі ыңғайлы ойнатады.

❒ USB құрылғысын қосу

USB жад құрылғысын теледидардың USB IN ұясына жалғаңыз.

Қосылған USB жад құрылғысы пайдалануға бірден дайын болады.

❒ USB құрылғысын шығару

Q.MENU ⇨ USB құрылғысы

Шығарылатын USB жад құрылғысын таңдаңыз.

USB құрылғысының ажыратылғанын көрсететін хабар шыққанда, құрылғыны теледидардан суырыңыз.

✎ USB құрылғысын ажырату үшін таңдағаннан кейін пайдалану мүмкін болмайды. USB жад құрылғысын шығарыңыз да, содан кейін қайта қосыңыз.

❒ USB жад құрылғысын пайдалану бойынша ескертулер

- ✎ Егер USB жад құрылғысының кірістірілген автоматты түрде тану бағдарламасы немесе жеке драйвері бар болса, құрылғы жұмыс істемеуі мүмкін.
- ✎ Кейбір USB жад құрылғылары жұмыс істемеуі немесе дұрыс емес жұмыс істеуі мүмкін.
- ✎ Тек Windows FAT32 немесе NTFS файл жүйелерімен пішімделген жад құрылғыларын пайдаланыңыз.
- ✎ Сыртқы USB HDD карталары үшін, номиналды кернеуі 5 В және номиналды тогы 500 мА мәнінен кіші болатын құрылғыларды пайдалану ұсынылады.

- Көлемі 32 ГБ не одан аз USB жад карталарын және 1 ТБ не одан аз болатын USB HDD карталарын пайдаланған жөн.
- Қуатты үнемдеу функциясы бар USB HDD картасы дұрыс жұмыс істемесе, қуатты өшіріп, қайта қосыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін, USB HDD құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- USB жад құрылғысындағы деректер зақымдануы мүмкін, сондықтан ондағы маңызды ақпараттың басқа құрылғыларға сақтық көшірмесін жасау керек. Деректер үшін тек пайдаланушы жауапты болады және өндіруші деректердің жоғалуы үшін ешқандай жауапкершілікке тартылмайды.

❒ «Менің мультимедиам» параметрін пайдалану

SETTINGS ⇨ МЕНІҢ МУЛЬТИМЕДИАМ ➞ Барлық дерекнамалар / Фильм Тізімі / Фото тізімі / Саз тізімі

Тізімнен файл таңдайды. Таңдалған файлды көрсетеді.

Дискіні ойнату барысында опцияны тексеру арқылы ойнатуға қатысты параметрлерді орнатады.

❒ «Менің мультимедиам» параметрлерін орнату

SETTINGS ⇨ ПАРАМЕТР ➞ DivX(R) VOD

- Тіркеу: DivX қорғалған бейнелерді ойнату үшін, DivX тіркелу кодын тексереді. http://vod.divx.com торабында тіркеліңіз. Тіркелу кодын пайдаланып www.divx.com/vod торабынан фильмдерді жалға немесе сатып алыңыз.
  - ✎ Басқа құрылғының DivX тіркелу коды пайдаланылған болса, жалға/сатып алынған DivX файлдарын ойнату мүмкін болмайды. Тек осы құрылғы үшін берілген DivX тіркелу кодын пайдаланыңыз.
  - ✎ DivX кодек стандартына сәйкес келмейтін түрлендірілген файлдар ойнатылмауы немесе басқаша дыбыс шығаруы мүмкін.
- Тіркеуден алу: DivX қызметінің тіркеуінен шығарады.

❒ «Менің мультимедиам» параметрін қолдайтын файлдар

Деректерді тасымалдаудың ең жоғарғы жылдамдығы:

20 Мбит/с

Қолдау көрсетілетін сыртқы субтитр пішіндері

*.smi, *.srt, *.sub (MicroDVD, SubViewer 1.0/2.0), *.ass, *.ssa, *.txt (TMPlayer), *.psb (PowerDivX)

Қолдау көрсетілетін ішкі субтитр пішіндері

XSUB (DivX6 арқылы жасалған ішкі субтитрлерге қолдау көрсетеді)

□ Пайдалануға болатын бейне файлдар

Ең көп: 1920 x 1080 @30p (only Motion JPEG 640x480 @30p)

.asf, .wmv

[Бейне] VC-1 Advanced профилі, VC-1 Simple және Main профильдері, MP43
[Аудио] WMA стандарты

.3gp, .3gp2

[Бейне] H.264/AVC, MPEG-4 Part2
[Аудио] AAC, AMR(NB/WB)

.divx, .avi

[Бейне] DivX3.11, DivX4, DivX5, DivX6, XViD, H.264/AVC, Motion JPEG
[Аудио] MPEG-1 Layer I, II, Dolby Digital, MPEG-1 Layer III (MP3), *DTS

.mp4, .m4v, .mov

[Бейне] H.264/AVC, MPEG-4 Part 2, XViD
[Аудио] AAC, MPEG-1 Layer III (MP3)

.mkv

[Бейне] H.264/AVC, XViD, MPEG-4 Part2

[Аудио] HE-AAC, Dolby Digital, MPEG-1 Layer III (MP3), *DTS

.ts, .trp, .tp, .mts, .m2ts

[Бейне] H.264/AVC, MPEG-2

[Аудио] MPEG-1 Layer I, II, MPEG-1 Layer III (MP3), Dolby Digital, Dolby Digital Plus, AAC

.vob

[Бейне] MPEG-1, MPEG-2

[Аудио] Dolby Digital, MPEG-1 Layer I, II, DVD-LPCM

.mpg, .mpeg, .mpe

[Бейне] MPEG-1

[Аудио] MPEG-1 Layer I, II

*DTS : үлгіге байланысты

□ Пайдалануға болатын музыка файлдары

Файл түрі: mp3

[Бит жылдамдығы]: 32 - 320 Кбит/с
[Дискретизация жиілігі] 16 - 48 кГц
[Қолдау] MPEG1, MPEG2, Layer2, Layer3

Файл түрі: AAC

[Бит жылдамдығы] Еркін пішін
[Дискретизация жиілігі] 8-48 кГц
[Қолдау] ADIF, ADTS

Файл түрі: M4A

[Бит жылдамдығы] Еркін пішін
[Дискретизация жиілігі] 8-48 кГц
[Қолдау] MPEG-4

Файл түрі: OGG

[Бит жылдамдығы] Еркін пішін
[Дискретизация жиілігі] ~ 48 кГц
[Қолдау] Vorvis

Файл түрі: WMA

[Бит жылдамдығы] 128-320 Кбит/сек
[Дискретизация жиілігі] 8-48 кГц
[Қолдау] WMA7, 8, 9 Standard

Файл түрі: WMA 10 Pro

[Бит жылдамдығы] ~ 768 Кбит/сек
[Арна/Дискретизация жиілігі]
- M0 : 2 / 48 кГц дейін
- M1 : 5.1 / 48 кГц дейін
- M2 : 5.1 / 96 кГц дейін
[Қолдау] WMA 10 Pro

□ Пайдалануға болатын фотосурет файлдары

Санат: 2D(jpeg, jpg, jpe)

[Пайдалануға болатын файл түрі] SOF0: baseline,
SOF1: Extend Sequential,
SOF2: Progressive

[Фотосурет өлшемі] ең кіші: 64 x 64
ең үлкен: қалыпты түрі: 15360 (ені) x 8640 (биіктігі)
прогрессивті түрі: 1920 (ені) x 1440 (биіктігі)

Санаты: BMP

[Фотосурет өлшемі] Ең төмен: 64x64

Ең жоғары: 9600x6400

Санаты: PNG

[Пайдалануға болатын файл түрі] Interlace, Non-Interlace

[Фотосурет өлшемі] Ең төмен: 64x64

Ең жоғары: Interlace : 1200x800

Non-Interlace : 9600x6400

✎ BMP және PNG пішінді файлдарды көрсетуге JPEG файлдарымен салыстырғанда көбірек уақыт кетуі мүмкін.

❒ Бейнелерді ойнату барысында ескерілетін жағдайлар

- ✎ Пайдаланушы жасаған кейбір субтитрлер дұрыс істемеуі мүмкін.
- ✎ Бейне және субтитр файлдарын бір қалтаға салу керек. Субтитрлер дұрыс көрсетілуі үшін, бейне және субтитр файлдарының атаулары бірдей болуы керек.
- ✎ GMC (Global Motion Compensation - жалпы қозғалыс компенсациясы) немесе Qpel (Quarterpel Motion Estimation - ширек пиксел қозғалысының компенсациясы) опциялары бар ешбір ағынға қолдау көрсетілмейді.
- ✎ Тек деңгейі 4.1 және одан төмен H.264/AVC профильдеріне қолдау көрсетіледі.
- ✎ Көлемі 50 ГБ-тан асатын бейне файлдар ойнатылмайды. Файл өлшемінің шегі шифрлау ортасына байланысты болады.
- ✎ DTS тек USB және HDMI бейне файлдарын ойнату үшін қолданылады [үлгіге байланысты].
- ✎ DTS қолдану ел мен үлгіге байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Қосымша ақпаратты өніммен берілген ⌜Қысқаша нұсқаулықтан⌟ қараңыз.

SETTINGS ⇨ Тұтынушыға қолдау көрсету ➞ Бағдарламалық құралды жаңарту

Бағдарламалық құралды жаңартуды пайдаланып, соңғы нұсқаны тексереді және алады. Жаңартылмаса, белгілі бір функциялар дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

Сондай-ақ, қол жетімді жаңартуларды қолмен тексеруге болады.

- Бағдарламалық құралды жаңарту: Оған Қосу мәнін қойыңыз. Жаңарту қол жетімді болса, жаңартуды орындау ұсынысы пайда болады.
- Автоматты жаңарту режимі: Жаңарту қол жетімді болса, жаңарту ұсыныссыз автоматты түрде басталады.
- Жаңарту нұсқасын тексеру: Ең соңғы орнатылған жаңарту нұсқасын тексереді. Жаңа жаңарту қол жетімді болғанда, жүктеу процесін қолмен орындауға болады.
  [Үлгіге байланысты]

- Жаңарту басталғанда, қысқа уақытқа жаңарту барысының терезесі пайда болады және жоғалады.
- Соңғы нұсқаны сандық тарату сигналы немесе интернет қосылымы арқылы алуға болады. [Үлгіге байланысты]
- Бағдарламалық құралды сандық тарату сигналы арқылы жүктеп алып жатқанда бағдарламаны өзгерту жүктеп алу процесін үзеді. Бастапқы бағдарламаға оралу жүктеп алуды жалғастыруға мүмкіндік береді.
- Бағдарламалық құрал жаңартылмаса, белгілі бір функциялар дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- [Төмендегі Финляндия/Швеция/Дания/Норвегия үлгілеріне қатысты.] Егер бағдарламаны жаңарту тарату сигналы арқылы орындалса, сізден Автоматты жаңарту режимі қосылған-қосылмағанына қарамастан жаңартуды жалғастыру сұралады.

Келесі белгілер байқалса, төменде сипатталғандай тексерулер мен жөндеу процедураларын орындаңыз. Құрылғының жұмысында ақаулық жоқ болуы мүмкін.

❒ Жұмысындағы мәселелер

☑ Кейбір арналарды көру мүмкін емес.

- Антеннаның орны мен бағытын реттеңіз.
- Көргіңіз келетін арналарды Автодәлдеу немесе Бағдарламаны өзгерту функциялары арқылы сақтаңыз.

☑ Теледидар іске қосылғаннан кейін кескіннің толық көрсетілуіне дейін кідіріс болады.

- Бұл — қалыпты жағдай. Кез келген кідірістер теледидарды бірінші рет қосқанда жасалуы мүмкін кескін шуларын тазалайтын кескінді жою процедурасы себебінен орын алуы мүмкін.

❒ Кескін мәселелері

SETTINGS ⇨ Тұтынушыға қолдау көрсету → Суретті тексеру

Кескін сигналының шығысы қалыпты жұмыс істеп тұрғанын тексеру үшін, Суретті тексеру сынағын жасаңыз.

Суретті тексеру кезінде ақаулық анықталмаса, қосылған сыртқы құрылғыларды және тарату сигналын тексеріңіз.

☑ Алдыңғы арнаның немесе басқа арналардың кескіндері қалып қояды немесе экранда жағымсыз жолақтар көрсетіледі.

- Антеннаның бағытын теледидар таратқышына қатысты лайықтаңыз немесе антеннаны қосу нұсқауларын алу үшін, нұсқаулықты қараңыз.

☑ Бір сәтке дірілдейтін көлденең/тік жолақтар және торлы өрнектер пайда болады.

- Бұл күшті электронды кедергілердің себебінен орын алуы мүмкін. Бұндай жағдайда, барлық ұялы телефондарды, шаш кептіру құралдарын немесе электр бұрғыларын өшіріңіз.

☑ Сандық тарату кезінде, экранның дисплейі қатып қалады немесе дұрыс жұмыс істемейді.

- Бұл сигнал әлсіздігінен немесе қабылдау тұрақсыздығынан болуы мүмкін. Антеннаның бағытын және кабельдің байланыстарын реттеңіз.
- Егер Қолмен күйге келтіру жасағаннан кейін, сигналдың күші немесе сапасы төмен болса, теледидар станциясы немесе әкімші кеңсесіне хабарласыңыз.

☑ Кабель қосулы болса да, сандық тарату қол жетімді емес.

- Жазылымды және/немесе сигналды қамтамасыз ететін кабель операторына хабарласыңыз. (Жазылым түріне байланысты, сандық таратуға қолдау болмауы мүмкін.)

☑ HDMI® көзіне қосулы болғанда дисплей жұмыс істемейді немесе анық болмайды.

- HDMI® кабелінің техникалық сипаттамаларын тексеріңіз. HDMI® кабелі түпнұсқа өнім болмаса, кескіндер күшею не әлсіреу немесе дұрыс көрсетпеуі мүмкін.
- Барлық кабельдердің дұрыс жалғанғанын тексеріңіз. Байланыстар дұрыс орнатылмаған болса, кескіндер дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.

☑ USB жад құрылғысымен жұмыс істемейді.

- USB құрылғысы мен кабелінің нұсқасы 2.0 немесе одан кейінгі екенін тексеріңіз.

❒ Дыбыс мәселелері

SETTINGS ⇨ Тұтынушыға қолдау көрсету ➞ Дыбысты тексеру

дыбыс сигналының шығысы қалыпты жұмыс істеп тұрғанын тексеру үшін, Дыбысты тексеру сынағын жасаңыз.

Дыбысты тексеру кезінде ақаулық анықталмаса, қосылған сыртқы құрылғыларды және тарату сигналын тексеріңіз.

☑ Экран дисплейі қосулы, бірақ дыбыс жоқ.

- Басқа теледидар сигналдарын тексеріңіз.
- [Үлгіге байланысты] ТД динамигі үшін Қосу параметрі таңдалғанын тексеріңіз.

☑ Аналогты тарату сигналында дыбыс айқын емес немесе дыбыс тек бір үндеткіштен шығады.

- Сигнал нашар қабылданатын аймақта (сигнал әлсіз немесе тұрақсыз аймақтар) немесе Бірнеше дыбыс ойнату функциясы тұрақсыз болса, Моно режимін Бірнеше дыбыс ойнату параметріне орнатыңыз.
- Баланс параметрін Шарлау түймесі арқылы реттеңіз.

☑ Теледидардың дыбысы кескінмен үйлеспейді немесе дыбыс кенеттен үзіліп кетеді.

- Егер бұл мәселе тек белгілі бір теледидар арнасында орын алған болса, бұның себебі жеке станцияның тарату сигналының ақаулықтары болуы мүмкін. Теледидар станциясы немесе кабель операторына хабарласыңыз.

☑ Арнаны ауыстырғанда, дыбыс деңгейі өзгереді.

- Дыбыс деңгейі әр арнада өзгеше болуы мүмкін.
- Авто дыбыс қаттылығы режимін Қосу параметріне орнатыңыз.

☑ Белгілі бір бағдарламаларда дыбыс мүлде шықпайды немесе өңдегі музыка естіледі (бағдарлама шетелдік пайдаланушылар үшін жасалған болса).

- Тіл параметрлері ішінде Тіл ➞ Аудио тілі мәнін өзіңіз қалаған тілге орнатыңыз. Егер Бірнеше дыбыс ойнату тілі өзгертілген болса да, қуатты өшірген немесе бағдарламаны өзгерткен соң, әдепкі параметрлерге қайтуға болады.

☑ HDMI® / USB көзіне қосқанда, дыбыс шықпайды.

- HDMI® кабелінің жоғары жылдамдықта жұмыс істейтінін тексеріңіз.
- USB құрылғысы мен кабелінің нұсқасы 2.0 немесе одан кейінгі екенін тексеріңіз.
- Тек қалыпты музыка (*mp3) файлдарын пайдаланыңыз.

❒ Компьютерді қосу мәселелері (Тек компьютер қосылымын қолдайтын үлгілер үшін)

☑ Компьютерге жалғағаннан кейін экран дисплейі қосылмайды.

- Компьютер немесе теледидар дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.
- Ажыратымдылық компьютер кірісі үшін дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.
- Теледидарды қосымша монитор ретінде пайдалану үшін, қосылған жұмыс үстелі компьютерінде немесе ноутбукте қос мониторды көрсету мүмкіндігі бар екенін тексеріңіз.

☑ Компьютерді HDMI кабелі арқылы қосқаннан кейін дыбыс шықпайды.

- HDMI дыбысының шығысына қолдау көрсететінін тексеру үшін, бейне картасының өндірушісіне хабарласыңыз. (DVI пішіміндегі бейне картасы үшін бөлек дыбыс кабелін жалғау керек болады.)

☑ Компьютерге қосылғаннан кейін, дисплей жартылай қиылған болып немесе бір шетіне жылжытылып көрсетіледі.

- Ажыратымдылықты компьютер кірісіне қолдау көрсететіндей етіп орнатыңыз. (Егер бұл көмектеспесе, компьютерді қайта іске қосыңыз.)

❒ Менің мультимедиам қызметінде бейнелерді ойнату мәселелері

☑ Фильм Тізімі ішіндегі файлдарды көре алмаймын.

- USB жад құрылғысындағы файлдың компьютерде оқылатынын тексеріңіз.
- Файл кеңейтіміне қолдау көрсетілетінін тексеріңіз.

☑ Файл жарамсыз. Жоғарыдағы қате туралы хабар көрсетіледі. Дыбыс, бейне немесе субтитрлер қалыпты емес.

- Файлдың компьютердегі бейне ойнатқышта дұрыс ойнатылатынын тексеріңіз. (Зақымданған файлдардың бар-жоғын тексеріңіз.)
- Менің мультимедиам қызметі таңдалған файл түріне қолдау көрсететінін тексеріңіз.

✎ Қызмет сұрау туралы ақпаратты төмендегі мәзірден қараңыз.
SETTINGS ⇨ Тұтынушыға қолдау көрсету ➞ Өнім/қызмет ақпараты

Product certified before February 15, 2013
Продукт, сертифицированный до 15 февраля 2013 г.

BZ03

Product certified after February 15, 2013
Продукт, сертифицированный после 15 февраля 2013 г.



ПІІ ‘ЛГ Електронікс Україна’, Україна, 01004, м. Київ, вул. Басейна, 4 (літера А),
тел.: +38 (044) 201-43-50, факс: +38 (044) 201-43-73

Обмеження України на наявність небезпечних речовин

Устаткування відповідає вимогам технічного регламенту щодо обмеженного використання небезпечних речовин в електричному і електронному обладнанні.

Ukraine Restriction of Hazardous Substances

The equipment complies with requirements of the Technical Regulation, in terms of restrictions for the use of certain dangerous substances in electrical and electronic equipment.

❒ EU Conformity Notice

CE LG Electronics hereby declares that this product is in compliance with the following Directives.

EMC Directive 2004/108/EC

LOW VOLTAGE Directive 2006/95/EC

European representative:

LG Electronics Inc. Krijgsman 1, 1186 DM Amstelveen, The Netherlands

❒ Information for recycling (take-back offer)

This product may contain parts which could be hazardous to the environment.


It is important that this product be recycled after use.

LGE handles all waste products through an environmentally acceptable recycling method. There are several take-back and recycling systems currently in operation worldwide.

Many parts will be reused and recycled, while harmful substances and heavy metals are treated by an environmentally friendly method. If you want to find out more information about our recycling program, please contact your local LG vendor or a corporate representative of LG. and Information of Regional Take back Schemes can be found at :

http://www.lg.com/global/sustainability/environment/take-back-recycling.jsp

❒ Disposal of waste batteries (applicable in the European Union and other European countries with separate collection systems)



This symbol on the battery or on the packaging indicates that the battery provided with this product shall not be treated as household waste.

By ensuring these batteries are disposed of correctly, you will help prevent potentially negative consequences for the environment and human health which could otherwise be caused by inappropriate waste handling of the battery. The recycling of the materials will help to conserve natural resources.

In case of products that for safety, performance or data integrity reasons require a permanent connection with an incorporated battery, this battery should be replaced by qualified service staff only.

To ensure that the battery will be treated properly, hand over the product at end-of-life to the applicable collection point for the recycling of electrical and electronic equipment.

For all other batteries, please view the section on how to remove the battery from the product safely. Hand the battery over to the applicable collection point for the recycling of

waste batteries.

For more detailed information about recycling of this product or battery, please contact your local authority, your household waste disposal service or the shop where you purchased the product.

❒ Energy Saving

Energy efficiency cuts energy consumption and thus saves money by reducing electricity bills.

The following indications allow to reduce power consumption when the television is not being watched:

- turning the television off at its mains supply, or un-plugging it, will cut energy use to zero for all televisions, and is recommended when the television is not being used for a long time, e.g. when on holiday,
- putting the television into standby mode, will reduce energy consumption, but will still draw some power,
- reducing the brightness of the screen will reduce energy use.